



Лексикалық тақырып: *Қыпшақ хандығы*

Грамматикалық тақырып: *Көмекші сөздер*

Мәтінді оқып, тапсырмаларды орындаңыз.

Қыпшақ — қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі.

Қыпшақ атауы ежелгі түркінің Шина Усу ескерткішінде алғаш кездеседі (қазақша “Қыпшақтану”). Махмұт Қашқари еңбегі бойынша 9 ғ-дағы Қыпшақтардың құрамына қимақ, субар, қаңлы, қарабөрікті, тоқсаба, жете, бөрлі, т.б. рулар мен тайпалар енген. Қыпшақ Түрік қағандығы ыдырағаннан кейін алғашында Қимақ қағандығының құрамында болып, 11 ғасырда бөлініп шықты. Қыпшақ хандығы тез арада күшейіп, Қыпшақ Орта Азия мен Шығыс Еуропаға тарала бастады. Шыңғыс хан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті Қыпшақ деп атады.

13 — 14 ғасырларда Қыпшақ сөзі жалпы “түркі” ұғымын алмастырып, Алтын Ордадағы саудагерлер үшін қыпшақ сөздігі — “Кодекс Куманикус” шығарылды. Алтын Орда ыдырағаннан кейін Қыпшақ көптеген ұлыстарға бөлініп кетті. Бір бөлігі Қазақ хандығының құрамына кірді. Н.А. Аристов қазақ халқының құралу кезінде көлденең, ұзын, танабұға, қарабалық, т.б. Қыпшақ рулары болған деп көрсетсе, В.В. Радловтың айтуынша ол кезде Қыпшақ тайпасы құрамында торайғыр, түйшіке, қытайқыпшақ, бұлтың, қарабалық, көлденең, танабұға, ұзын, көкмұрын рулары болған. Қазақ шежірелерінде 92 баулы Қыпшақ деп аталады, бірақ ешқайсысында оның барлығы бірдей таратылмайды. Шежіре бойынша Қыпшақтардың өсіп-өнуі төмендегіше сипатталады: Қыпшақтардан ақтамсопы, одан құланқытай, одан сүлімалып, одан кебекалып, одан мүйізді сарыабыз. Мүйізді сарыабыздан қытайқыпшақ, қарақыпшақ, сарықыпшақ, құланқыпшақ тарайды. Қазақ құрамына енген Қыпшақ шежіресі бойынша, қарақыпшақтың ірі-ірі бес атасына (ұзын, бұлтың, көлденең, қарабалық, торы) бөлінеді.

Қарақыпшақтан басқа үшеуі туралы мәлімет жоқтың қасы. Әйтсе де Қыпшақтарды Орхон жазбаларында “сір” (мүмкін “сары”), 9 ғ-да қимақтар ығыстырған кезде шары (сары) деп атаған. Бірқатар ғалымдар (Аристов, Г.Е. Грум-Гржимайло, Л.Н. Гумилев, т.б.) Қыпшақтардың сырт пішіні әуелде еуропалықтарға ұқсас болды дегенді айтады.

Қазақстанда жүргізілген антропологиялық зерттеулер орта ғасырларда Қыпшақ мекендеген жерлерде моңғолдық және еуропа нәсілдер аралас қоныстанғандығын көрсетеді. Сондай-ақ шежірелерде келтірілген қытай-қыпшақ атауы да ежелгі замандарда Қытаймен көршілес отырған Қыпшақтардың атауы болуы да мүмкін. Қарақыпшақтан тараған Қобыланды батыр 15 ғасырда көшпелі өзбек мемлекетін билеген Әбілхайыр ханның замандасы ретінде сипатталады. Қай өңірді жайласа да, Қыпшақ белгілі бір халықтың әр түрлі тобы есебінде ғана көрінген, бірақ бір тілде сөйлеп, бір тектес болған. Қыпшақ қазақтан басқа да түркі халықтарының (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, ноғай, қарашай, Әзірбайжан, түркімен, балқар, т.б.) ұлт болып қалыптасу барысында елеулі рөл атқарды. Қазақ халқының құрамына енген Қыпшақ, негізінен, (Сыр бойын, Арқа өңірін), Солтүстік-Батыс Қазақстан (Ақмола, Қостанай, Торғай) аумағын мекендеді. Қыпшақтардың ұраны — Ойбас, таңбасы — екі тік сызық (II, қос әліп).

Лексика-грамматикалық тапсырмалар



1. Берілген сөйлемдерді орыс тіліне аударыңыз.

Қыпшақ - қазақ халқының, басқа да бірқатар түркі халықтарының негізін құраған ежелгі тайпа, орта ғасырларда Орта Азия мен Шығыс Еуропаны мекендеген аса ірі ұлыстардың бірі. Қазақстанда жүргізілген антропологиялық зерттеулер орта ғасырларда Қыпшақ мекендеген жерлерде моңғолдық және еуропа нәсілдер аралас қоныстанғандығын көрсетеді. Қарақыпшақтан тараған Қобыланды батыр 15 ғасырда көшпелі өзбек мемлекетін билеген Әбілхайыр ханның замандасы ретінде сипатталады. Қыпшақ қазақтан басқа да түркі халықтарының (қырғыз, өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт, ноғай, қарашай, Әзірбайжан, түркімен, балқар, т.б.) ұлт болып қалыптасу барысында елеулі рөл атқарды.

2. А) Мына сөйлемдер мен сөз тіркестеріне морфологиялық талдау жасаныз.

Қыпшақ хандығы күшейіп, Азия мен Шығыс Еуропаға тарала бастады. Шыңғыс хан империясының батыс бөлігіндегі Жошы ұлысын (Алтын Орда) тарихшылар Дешті Қыпшақ деп атады. Қыпшақ рулары, Қарақыпшақтан тараған Қобыланды батыр.

Б) Мына сөйлемнен бұрынғы өткен шақ есімше тұлғасын анықтаныз.

Қарақыпшақтан тараған Қобыланды батыр 15 ғасырда көшпелі өзбек мемлекетін билеген Әбілхайыр ханның замандасы ретінде сипатталады.

3. Мына сұрақтарға жауап беріп, өзара сұхбат құрыңыз.

1. Орта ғасырларда Қыпшақ тайпасы қай жерлерді мекен еткен?
2. Алтын Орда тарихшылары Жошы ұлысы қандай Қыпшақ деп атады?
3. Алтын Орда саудагерлері үшін Қыпшақ сөздігі қалай аталды?
4. Н.А.Аристовтың зерттеуі бойынша қазақ халқының құрылуы кезінде қандай ру болған?
5. Қазақ құрамына енген Қыпшақтардың шежіресі бойынша Қарақыпшақтан қай батыр тараған?
6. Қыпшақтар туралы толық зерттеулер бар ма екен?

4. Мына сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып сөйлем құраңыз.

Қыпшақтар шежіресі, Қобыланды батыр, антропологиялық зерттеулер, Орхон жазбалары, обалар, археологиялық зерттеулер, “Кодекс Куманикус”.

5. Мәтінді оқып, стилін анықтаңыз.

- мәтінді оқып, стилін анықтаңыз
- мәтіннен термин сөздерді теріп жазыңыз
- мәтінде айтылған тәртіптерді жадыңызда ұстаңыз
- мәтіннен көмекші сөздерді тауып, теріп жазыңыз

Қазақстан жеріндегі ерте және орта ғасырлардағы мемлекеттер

Б. з. д. I - II - б. з. V ғасырларда шығыстан батысқа қарай алғанда, Іледен Талас өзеніне дейін, солтүстіктен оңтүстікке қарай Балқаш көлінен Ыстықкөлге дейінгі аумақта Үйсін мемлекеті жайлады. Осы кезеңнен бастап ежелгі түркі тайпалары мекендеген аймақта көшпелі мемлекеттердің қалыптасуы мен дамуы басталды. Түрік қағанаттарында мемлекеттілік одан әрі жетіле түсті. Билік қағанның қолында болды. Түркілік қағандар мемлекетінің басты белгісі болды. Ол мемлекеттің ішкі және сыртқы саяси істерінің бәріне басшылық жүргізді.

Қағандар басқа мемлекеттерге шабуыл жасай отырып, билік құрды. Соғыс арқылы шекараларын кеңейтіп отырды. Бірақ даму барысында мемлекетті билеп отырған тайпадан күштірек тайпалар шығып, соғыс ісін негізгі кәсібіне айналдырған мемлекеттер бірін-бірі ауыстырған.

Көшпелі қоғамда тайпалар одағынан мемлекеттік құрылымға өту кезеңінде күшті әскери билік дәстүрі үлкен рөл атқарды. Үлес-тайпа билеушілері әрі әскери қолбасшы, әрі әкімшілік басқарушысы болды. Әскери және әкімшілік биліктердің біріктірілуі олардың билеуші көсемдерінің саяси-экономикалық жағынан нығаюына әкелді.

Жоғары билік мұрагерлік жолмен беріліп отырды. Хан мұрагеріне оның мөртаңбасы берілді. Бұл мөр таңба — мемлекеттіліктің нышаны болатын. Мұны ерте орта ғасырлық мемлекеттердің мәнді белгілерінің бірі деп айтуға болады. VI—XIII ғасырларда Қазақстан аумағындағы ертедегі көшпелі түрік мемлекеттерінде мұрагерлік тікелей жолмен емес, сатылы түрде жүрді. Таққа үміткерлердің арасында жасы үлкендерінің артықшылығы көбірек.

Егер билеуші қайтыс болса, таққа бірінші тікелей оның баласы емес, жасы үлкен інісі отыра алатын. Ал кейін XIV—XV ғасырлардағы Қазақстандағы орта ғасырлық мемлекеттерде бұрынғы "сатылы жүйемен" қатар хан билігіне тікелей баласы мұрагер болу дәстүрі пайда болды.

Көшпелілерде билеушінің бас ордасы — мемлекеттік және әкімшілік басқару орталығы. Өз кезегінде әр үлес билеушілерінің де қаған сияқты өз сарайлары, тұрақты ордалары бар. Әдетте, ірі үлестік жерлерді иеленушілер билеуші әулеттен болды. Олар жоғары билеушінің туған-туыстарынан тұрды. Жоғары басшы ішкі тәртіп пен шекараларды қорғауды, сот үкімдерінің және әдеттегі құқық нормаларының орындалуын қадағалады. Мемлекеттің бүкіл аумағы формальды түрде билеуші әулеттің меншігі болып есептелді.

Қазақстан аумағындағы халықтар көшпелі мал шаруашылығымен қатар отырықшы жер шаруашылығымен, саудамен, қолөнермен айналысқаны белгілі.

Отырықшы қоныстардағылар көбінесе кедейленген, малы жоқ көшпелілер еді. Отырықшылыққа көшу үдерісі де малға деген мүлік теңсіздігімен тікелей байланысты. Малынан айырылған көшпелілер отырықшылыққа көшуге мәжбүрленді. Сондықтан екі түрлі аймақтан алынатын салық та әр түрлі. Көшпелі және отырықшы халықтар үстем тайпаға мал және аң терісі, заттай алым түрінде салық, төледі.

Интернеттен

6. Берілген ережелерді оқып, есте сақтаңдар.

Көмекші есімдер – негізгі сөздермен тіркесіп, олардың кеңістікке (мекенге), уақытқа (мезгілге) қатысын толықтырып, нақтылап тұратын сөздер. Оған алд, арт, аст, қас, маң, жан, іш, сырт, бас, бет, щет, бой сияқты толық лексикалық мағынасы жоқ сөздер жатады. Мысалы: ауылдың шеті, екі үйдің ортасы, қыстың басы, өзеннің бойы, т.б. Көмекші есімдер сөйлемнің дербес мүшесі болып жұмсалмайды. Негізгі сөздермен тіркесіп барып, сөйлемнің бір мүшесі болады.

7. Үзіндіден көмекші сөздерді тауып, қандай жалғау жалғанғанын анықтап, көшіріп жазыңыздар.

Киіз үйдің іші мұнтаздай таза, тиянақты жиналған. Бұл үйге тіпті тоқтағысы келмей кетіп бара жатса, есік алдында тұрған бала:

- Ата, тоқтаңызшы, мына бір ожау суды ішіп жіберіңіз, жақсы болып қаласыз, - деп қарттың қасына жүгіріп келді.

Қабылбай қарт үйдің ішіне кірмесе де, сыртынан-ақ бұл қазақ отбасындағы балалар үлкенді сыйлау, кішіге ізет көрсету дәстүрінде тәрбиеленгенін ұқты.

8. Төмендегі сөз тіркестері мен сөздерді дұрыс формаға қойып, мәтін мазмұнына қарай орналастырып, мәтінді оқыңыз.

Оқшауландыру, шығын, тікелей әсер, азаю, белсенді халық, қол жеткізу, төмендеу, құбылыс, едәуір, дағды, деңгей, адамдар, шығын, орталық проблемалар.

Жұмыссыздық әлемдегі бірі болып табылады. Мұндай процесс Қазақстанда да жүріп жатыр. Жұмыссыздық проблемасы тығыз-байланысты және соларға етеді. Жұмысынан айрылу олардың табысының, өмір сүру деңгейінің, сонымен қатар психологиялық стресске алып келеді. Жұмыссыздық дегеніміз – әлеуметтік – экономикалық, осы құбылыс кезінде елдің экономикалық бір бөлігі біршама уақыт не тұрақты жұмыссыз немесе жалақысыз болады. Жұмыссыздық адамдар мен үй шаруашылықтарының белгілі бір бөлігін (кейде едәуір көлемін) экономикалық әрекет жағдай жасайтын мүмкіндіктерге айырады. Олар үшін адам даму жағдайлары нашарлайды. Екіншіден, жұмыссыздық (әсіресе, ұзақ мерзімді, тоқыраулы) еңбек жоғалтуға, яғни жинақталған адам капиталынан айырылуға ұшыратады және осылайша ол адам дамуына теріс ықпалын тигізеді. Үшіншіден, жұмыссыздық тек жеке адамдардың ғана емес, сонымен бірге жұмыссыздардың әл-ауқатының қолдауға, мемлекеттердің жұмыспен қамту жөніндегі түрлі бағдарламаларын іске асыруға байланысты елеулі әлеуметтік ұшыратады.

9. Мәтін мазмұнына сәйкес төмендегі сөздерді өзара байланыстырыңыз.

Малынан айырылған көшпелілер	мемлекеттілік одан әрі жетіле түсті.
Көшпелі және отырықшы халықтар	көшпелі мал шаруашылығымен қатар отырықшы жер шаруашылығымен, саудамен, қолөнермен айналысқаны белгілі.
Түрік қағанаттарында	отырықшылыққа көшуге мәжбүрленді.
Қазақстан аумағындағы халықтар	үстем тайпаға мал және аң терісі, заттай алым түрінде салық төледі.

8. Берілген көмекші сөздерді жасалуына қарай бағандарға орналастырыңыз.

Үй ішіне, жазып алған екен, тау астында, оқып бер, жазып ал, оқып шық, жұмыс басы, үйдің қасы.

Көмекші есімдер	Көмекші етістіктер
М: Үй ішіне	М: жазып алған екен

9. Мақал-мәтелдерді оқып, мағынасын түсіндіріңіз.

1. Диқан жерді анасындай сүйеді, жер диқанын баласындай сүйеді.
2. Егіншіні кетпеннің жүзі асырайды.
3. Малды баға білмеген пайданы таба білмейді.
4. Жұмысы жоқтың ырысы жоқ.
5. Ата кәсіп балаға нәсіп.
6. Күндіз қойын күтерсін, кешке жүнін түтерсін.
7. Тігіншіні инесі асырайды.
8. Диқан бабаның кетпенінен,
Шопан атаның таяғынан.
9. Орақшының жаманы орақ таңдайды.
10. Еңбек етсең ерінбей,
Тояды қарның тіленбей.

10. Төмендегі сөз тіркестеріне көмекші сөздерді тауып, сөйлем құраңыз.

Көмекші сөздер: бойынша, байланысты, сәйкес, туралы.

Қаулыдағы атқарылатын іс-шараларға
Күн тәртібіндегі мәселе
Президент жарлығына
Мемлекеттік бағдарламаға
Мемлекеттік шаралар
Парламенттің шешімі

11. Төменде берілген көмекші сөздерге фонетикалық талдау жасаңыз.

Үй ішіне, жазып алған екен, тау астында, оқып бер.

12. Өлеңді түсініп оқып, есте сақтаңыз.

Туған жер

Мағжан Жұмабаев

Бұл жарыққа аяқ басып туған жер,
Кіндік кесіп, кірім сенде жуған жер.
Жастық - алтын, қайтып келмес күнімде
Ойын ойнап, шыбын-шіркей қуған жер.

Жаратылдым топырағыңнан, сен - түбім.
Жалғаны жоқ, бәрі сенен жан-тәнім.
Сенен басқа жерде маған қараңғы,
Жарық болар Шолпан, Айым, сен - Күнім.

Тәтті суың дәмі аузымнан еш кетпес,
Қалың нуың, қыр, суыңа жер жетпес.
Кең далаңда ойын ойнап қалсамшы,
Жазу болып адамзатқа ер жетпес!..

Балақ түріп, қозы қуып, жарысып,
Батпағында тең құрбымен алысып.
Түнде - ақсүйек, алтыбақан, ал күндіз
Үйретем деп асау тайға жабысып.

«Адам басы - Алла добы» деген рас,
Қалай қуса, солай кетпек сорлы бас.
Кім біледі, мен де шетке кетермін,
Туған жерім, сені тастап басым жас.